

"Азаматтардың жүгінулерін қарастыру туралы" N1-ОГ нысанды статистикалық есеп және оның құрылуы бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2005 жылғы 19 мамырдағы N 18 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 22 маусымда тіркелді. Тіркеу N 3685. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының 2007.05.30. N 20 бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының 2007.05.30 . N 20 бұйрығымен.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің азаматтардың жүгінулерін қарастырудағы статистикалық есептіліктің қамтамасыз етілуі мақсатында, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11 бабы 4-1) бабын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1 . Б е к і т і л с і н :

1) 1 қосымшаға сәйкес, "Азаматтардың жүгінулерін қарастыру туралы" N1-ОГ нысанды статистикалық есеп;

2) 2 қосымшаға сәйкес, "Азаматтардың жүгінулерін қарастыру туралы" N1-ОГ нысанды статистикалық есептің құрылуы бойынша Нұсқаулық.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуіне шара қолдансын.

3. Осы бұйрық барлық қатысты мемлекеттік органдарға, Әскери бас прокурорға, Астана, Алматы қалаларының прокурорларына, облыс және оларға теңестірілген прокурорларға, Комитеттің жергілікті орган бастықтарына ж о л д а н с ы н .

4. Бұйрықтың орындалуындағы бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет Төрағасына (Г . В . К и м) жү к т е л с і н .

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Бас Прокуроры

**Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының**

2005 жылғы 19 мамырдағы

N 18 бұйрығына N 1 қосымша

Ескерту: 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 74 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).

1-бет

Кіммен _____ ұсынылады _____

МЕМЛЕКЕТТІК СТАТИСТИКАЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

1 - О Г нысанды есеп

жартыжылдық

Қайда ұсынылады _____

N1-ОГ нысанды есеп

Ұсынылады

"Азаматтардың жүгінулерін аудандық маңызы бар қалалық, қарастыру туралы" поселкелік, ауылдық, ауылдық округ _____ ж. әкімдіктерімен аудандық әкімдіктерге есептік кезеңнен кейінгі айдың 8 күніне;

Басшы _____ аты-жөні _____

аты-жөні, қолы

" _____ " _____ ж.

Орындаушы _____ Астана, Алматы қалалары, облыстар және аты-жөні, тел., қолы оларға теңестірілген субъектілерінің

" _____ " _____ ж.

аумақтық органдарымен Астана, Алматы қалалары мен облыстар бойынша субъектілеріне есептік кезеңнен кейінгі айдың 8 күніне;

Астана, Алматы қалалары, облыстар бойынша субъектілермен және соларға теңестірілгендермен Комитеттің аумақтық органдарына есептік кезеңнен кейінгі айдың 10 күніне; өздерінің аумақтық органдары

қызметтерінің нәтижелерін есепке алусыз
субъектілердің орталық аппараттарымен,
Комитеттің аумақтық органдарымен
Комитетке есептік кезеңнен кейінгі
айдың 14 күніне;
Комитет республика бойынша жинақталған
статистикалық есепті Қазақстан
Республикасы Бас прокуратурасының
Мемлекеттік органдардың қызметіндегі
заңдылықты қадағалау жөніндегі
департаментіне есептік кезеңнен кейінгі
айдың 18 күніне тапсырады.

2-бет

"Азаматтардың жүгінулерін қарастыру туралы" N 1-ОГ нысан

Мәселелер бойынша азаматтардың жүгінулері :		к о д жолдары	есептік кезеңде өндірісте болған жүгінулер	есептік кезеңде келіп түскен, соның ішінде ауызша жүгінулер
А		Б	1	2
барлығы		1		
мемлекет	мемлекеттік басқармалар, қызметтер	2		
	қоғамдық және діни бірлестіктер	3		
	политикалық партиялар	4		
	коррупция	5		
жеке меншіктер	мемлекеттік мүлік	6		
	тұрғын үйлер	7		
	жер, жерді қолданушылар	8		
	басқалары	9		
еңбек және халықты қорғау		10		
неке және отбасы		11		
әлеуметтік және зейнеткерлік қамтамасыз ету		12		
қаржылық қызмет	бюджетке салық төлеу және басқа да төлемдер	13		
	банкiлiк қызмет	14		
	сақтандыру қызметі	15		

	кедендік қызмет	16		
	басқалары	17		
шаруашылық қызметтің мемлекеттік реттелуі	қызмет түріне құқық және рұқсат	18		
	көлік	19		
	байланыс, коммуникация	20		
	сауда және көмек	21		
	сыртқы экон. қызмет	22		
	ауылшаруашылық	23		
	статистика	24		
қоршаған ортаны қорғау		25		
білім және ғылым		26		
мәдениет		27		
денсаулық сақтау		28		
жаппай ақпараттандыру		29		
әлеуметтік-мәдениетті қатынас	спорт	30		
	туризм	31		
	әскери қызмет	32		
	қауіпсіздікті қамтамасыз ету	33		
қауіпсіздікті қамтамасыз ету	тергеу және анықтау	34		
	ЖІҚ	35		
	басқалары	36		
халықаралық қатынас		37		
тұрғын үй, коммун.шаруашылық		38		
төтенше жағдайлар		39		
басқалары		40		
сайлау туралы		41		
мүлікті заңдастыру жөнінде		42		

кестенің жалғасы

о.і.				(о.і. 2-бағаннан):				
б а с қ а мемлекеттік органдардан, соның ішінде жоғары тұрған	резидент еместер	ұжымдық	электрондық түрде	ұсыныстар	өтініштер	шағымдар	пікірлер	

органнан келіп түскен								анықтамаға бер сұрау
3	4	5	6	7	8	9	10	11

кестенің жалғасы

бағынышты органдарға шешілу үшін берілді (2-бағаннан)	қарастырылды (1, 2 бағаннан)	с.қ.		басқа органға, (ведомствоға) аумақ бойынша немесе тергеуде болу бойынша жолданды	шешілді
		мерзімнің ұзартылуымен	мерзімінің асырылуымен		
12	13	14	15	16	17

кестенің жалғасы

о.і.			қайта шешілді (түпнұсқасыз 17 бағаннан)	о.і.		
қанағаттандырылды	б а с тартылды	түсіндірілді		қанағаттандырылды		түсіндірілді
18	19	20	21	22	23	24

кестенің жалғасы

есептік кезеңнің аяғына қалғаны (2 бағаннан)	жүгінулерді немқұрайлы қарағандыққа байланысты жауаптылыққа тартылу	о.і.	
		әкімшіліктік жауаптылыққа	тәртіптік жазаға
25	26	27	28

Басшы

(аты-жөні, қолы, күні)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б а с П р о к у р о р ы н ы ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 9 м а м ы р д а ғ ы

№ 1 8 б ұ й р ы ғ ы н а

№ 2 Қосымша

"Азаматтардың жүгінулерін қарастыру туралы"
N1-ОГ нысанды статистикалық есептің құрылуы бойынша
Нұсқаулық

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық мемлекеттік органдарға қатысты Қазақстан Республикасы Жарлығының статистикалық және ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында енгізілген мемлекеттік орган қызметіне қатысты " Азаматтардың жүгінулерін қарастыру тәртібі туралы " және Қазақстан Республикасы Президентінің " Коррупциямен күресті күшейту, мемлекеттік орган және лауазымды тұлғалар бойынша тәртіптің күшейтілуі туралы" 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 1550 Заң күші бар Жарлығымен (бұдан әрі - Жарлық) азаматтардың өтініштерін қарайтын басқа тәртіпті реттеуші заң актілері қамтамасыз етіледі. Есеп Жарлықпен реттелетін аталған органның азаматтар жүгінулерін азаматтық-құқықтық салада қарастыратын қызметтерін бейнелейді.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 74 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) .

2. Осы есепке қарасты азаматтардың жүгінулеріне осы есеп түрінің субъектілеріне жататын қылмыстық-құқықтық, қылмыстық-атқарушылық, әкімшіліктік құқықтық, азаматтық сот өндіріс және азаматтық-құқықтық саладағы орындаушы субъектілерінен басқа барлық жүгінулер жатады.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 74 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) .

3. Осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдары арқылы "Азаматтардың жүгінулерін қарастыру туралы" N1 -ОГ нысанды статистикалық есеп құрылады және қалыптасады.

2 тарау. Есепті дайындау

4. Есеп азаматтардың жүгінулерін есепке алу Журналының немесе анықталған ереже бойынша азаматтардың жүгінулері тіркелген ақпараттық есеп құжаттарының (кәртішкелерінің) негізінде қалыптасады. Есеп жартыжыл және жыл бойында өсуіне қатысты қалыптасады. Азаматтардың жүгінулерін есепке алу электрондық түрде қалыптасады.

5. Есепте келіп түскен жүгінулер саны және оларды қарастыру нәтижелері бейнеленеді. Субъект басшысы арқылы қол қойылған есеп, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетіне (бұдан әрі - Комитет) немесе оның аумақтық органдарына (бұдан әрі - органдар) жолданады.

6. Субъектінің ұсынған есептері негізінде, аумақтық органдар мемлекеттік органдар бойынша сұрыпталған N1-ОГ нысаны бойынша жинақталған есеп құрайды.

7. Жергілікті органдар субъектілердің ұсынған есептері негізінде жинақталған есеп құрайды.

8. Аймақ бойынша жинақталған есепке есептік мәліметтердің нақтылығы мен толықтығын бақылайтын және есепшіліктегі бұрмалануды жою үшін қажетті шаралар қабылдайтын аумақтық органның басшысы қол қояды.

9. Аймақ бойынша есептер модемдік байланыс арқылы басшының тексеруі мен қол қоюынан кейін аймақтарға жолданады. Аумақтық басқарма бастығының қолы қойылған есеп түпнұсқасы қызмет арқылы Комитетке жолданады.

Модемдік байланыс және пошта арқылы келіп түскен есептегі көрсеткіштердің сәйкессіздігі айқындалса, модемдік байланыс арқылы келіп түскен есеп көрсеткіштері негіз алады.

10. Республика бойынша жинақталған есеп Бас Прокурордың Орынбасары - комитет Төрағасы арқылы қол қойылады.

3 тарау. Есептің құрылуы және оның құрылымы

11. Есепте, төмендегілерді қоспағанда, өтініштердің түрлері бойынша топтастырылған азаматтардың мемлекеттік органдарға келіп түскен өтініштерінің саны туралы мәліметтер бейнеленеді:

- 1) жасырын түрдегі өтініштер;
- 2) егер бұл субъектілердің немесе лауазымды тұлғалардың заңсыз шешімдеріне жасалған шағымдармен байланысты болмаса, жұмысқа қабылдау жөнiндегi өтiнiштер ;
- 3) өздері қызмет атқаратын мемлекеттік органдарға қызметкерлердің берген өтiнiштерi .

Есепте қарастырылған субъект бойынша келіп түскен жүгінулерге қабылданған мәліметтері бейнеленеді. Азаматтар жүгінулерін қарастыру нәтижесі іс жүзінде орындалғаннан кейін және тиісті құжатты рәсімделгеннен кейін есепке қосылады .

Қаралған жүгінулер кейбір қанағаттандырылған, алынған, құзыреті бойынша басқа да органдарға жолданған, сондай-ақ мемлекеттік орган арқылы түсінік берілген жүгінулер болып саналады.

Ескерту: 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 74 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) .

12. Шешілу мерзімі ұзартылған жүгінулер, мерзімінің ұзартылуымен шешілген деп танылуы қажет.

13. Есепте екінші нұсқасынан бөлек қайта шешілген жүгінулер саны бейнеленеді. Қайталанған жүгінулер деп, аталған субъектіге арызбен түскен жүгінулер түсіндіріледі:

1) осы субъектімен шешілетін алдында берілген жүгінулерді қанағаттандырудан бас тарту;

2) алдында берілген жүгінулердің ұзақ мерзімде шешілуі.

14. Есепте бейнеленеді:

1-бағанда - есептік кезеңде өндірістегі, сонымен қатар өткен кезеңде қарастырылмаған және қарастырылуға есептік кезеңде келіп түскен азаматтардың жүгінулері;

2-бағанда - есептік кезеңде субъектінің қарастырылуына келіп түскен азаматтардың жүгінулері, жүгінулер санының тіркелуісіз өткен есептік кезеңнен қарастырылу үшін келген азаматтардың жүгінулері (1-баған);

2-бағанның көрсеткіштері 6, 7, 8, 9, 10 бағандар сомасына сәйкес келеді;

3-бағанда - басқа мемлекеттік органдардан келіп түскен азаматтардың жүгінулері;

4-бағанда - Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын азаматтар жүгінулерінің саны;

5-бағанда - азаматтардың ұжымдық жүгінулерінің саны;

6-бағанда - электрондық қолдары қойылған электрондық түрде алынған азаматтар жүгінулерінің саны;

7, 8, 9, 10, 11 бағандарда - Жарлықпен анықталған ұсыным, өтініш, арыз, сұраным, үндеу түріндегі азаматтардың жүгінулерінің саны, сонымен бірге, сұранымға анықтама беру шешімнің нәтижесі болып табылатын жүгінулер қатысуы тиіс;

12-бағанда - шешім қолдану үшін бағынышты органдарға жолданған азаматтар жүгінулерінің саны;

13-бағанда - азаматтардың қарастырылған жүгінулерінің саны, сондай-ақ қарастырылған жүгінулерге қолданылған шешімдер және аумақтық ведомстволар, басқа да мемлекеттік органдарға жолданған немесе айыпкерлілік және 16, 17 бағандар көрсеткіштерінің сомасына сәйкес келетін жүгінулер қатысады;

14-бағанда - мерзімінің ұзартылуымен қарастырылған азаматтар жүгінулерінің саны;

15-бағанда - Жарлықпен анықталған мерзімнің бұзылуымен қарастырылған азаматтар жүгінулерінің саны;

16-бағанда - аумақ немесе айыпкерлілік бойынша басқа мемлекеттік органдарға (ведомство) қарастырылуға жолданған азаматтар жүгінулерінің саны;

17-бағанда - 18, 19, 20 бағандар көрсеткіштері сомасына сәйкес келетін шешім қолданылған азаматтар жүгінулерінің саны;

18-бағанда - шешім нәтижесінде қанағаттандырылған азаматтар жүгінулерінің саны;

19-бағанда - қарастырылудан бас тартылған, сондай-ақ Жарлықтың 7 бабына сәйкес өндіріс тоқтатылған азаматтар жүгінулерінің саны;

20-бағанда - түсінік берілген, соның ішінде бір жүгіну болып ескерілетін қауымдық жүгінулер саны;

21-бағанда - екінші нұсқасыз қайта шешілген азаматтар жүгінулерінің саны;

22-бағанда - шешілу нәтижесінде қанағаттандырылған, сондай-ақ алдыңғы уақытта субъектілер арқылы бас тартылған жүгінулер бойынша қанағаттандырылған жүгінулердің саны;

23-бағанда - қарастырылудан бас тартылған, сондай-ақ өндірістің тоқтатылуы туралы шешім қабылданған азаматтардың қайталанған жүгінулерінің саны;

24-бағанда - азаматтардың түсінік берілген қайталанған жүгінулерінің саны;

25-бағанда - азаматтардың есептік кезеңде қарастырылмаған және қарастырылуға келесі есептік кезеңде келіп түскен жүгінулерінің саны;

26-баған - азаматтардың жүгінулерін немқұрай қарастырған тұлғаларды (субъект қызметкерді) әкімшіліктік немесе тәртіптік жауаптылыққа тарту фактілерінің саны;

27-баған - азаматтардың жүгінулерін қарастыру тәртібін бұзғандық үшін әкімшіліктік жауаптылыққа тартылған фактілердің саны;

28-баған - азаматтардың жүгінулерін қарастыру тәртібін бұзғандық үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған фактілердің саны.

4 тарау. Есепті ұсыну мерзімдері

15. Есеп жартыжылдық және бір жылдық қорытындылар бойынша ұсынылады:

1) аудандық маңызы бар қалалық, поселкелік, ауылдық, ауылдық округ әкімдіктерімен аудандық әкімдіктерге есептік кезеңнен кейінгі айдың 8 күніне;

2) аудандық (облыстық маңызы бар қалалық), республикалық маңызы бар қаладағы аудандық әкімдіктермен Комитеттің аумақтық органдарына есептік кезеңнен кейінгі айдың 10 күніне;

3) Астана, Алматы қалалары бойынша және облыстар әкімдерінің аппараттарымен және әкімдіктердің департаменттерімен (басқарма, бөлім) Комитеттің аумақтық органдарына есептік кезеңнен кейінгі айдың 10 күніне;

4) Астана, Алматы қалалары, облыстар және оларға теңестірілген субъектілерінің аумақтық органдарымен Астана, Алматы қалалары мен облыстар бойынша субъектілеріне есептік кезеңнен кейінгі айдың 8 күніне;

5) Астана, Алматы қалалары, облыстар бойынша субъектілермен және

соларға теңестірілгендермен Комитеттің аумақтық органдарына есептік кезеңнен кейінгі айдың 10 күніне;

6) өздерінің аумақтық органдары қызметтерінің нәтижелерін есепке алусыз субъектілердің орталық аппараттарымен, Комитеттің аумақтық органдарымен Комитетке есептік кезеңнен кейінгі айдың 14 күніне;

7) Комитет республика бойынша жинақталған статистикалық есепті Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Мемлекеттік органдардың қызметіндегі заңдылықты қадағалау жөніндегі департаментіне есептік кезеңнен кейінгі айдың 18 күніне тапсырады.

Ескерту: 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 74 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).